

Күн тәртібінде қаралатын мәселелер:

1. Мектептің өзін-өзі бағалау нәтижелеріне баға беру.

Тыңдалды:

Күн тәртібіндегі мәселемен мектеп директоры Сергазинова Г.Т. таныстырды. Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына қосымша Қазақстан Республикасы Оқу –ағарту министрінің 2022 жылғы 27 желтоқсандағы №12 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын негізге ала отырып, мектепте 2024 жылдың 18 қыркүйегі мен 18 қазан аралығында өзін-өзі бағалау жүргізілді. «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының» барлық бөлімдер басшылыққа алынды және іс-шаралар жоспарына сәйкес орындалды.

Өзін-өзі бағалауды жүргізу барысында барлық комиссия құрамы өзіне жүктелген міндеттемелерді өз деңгейінде орындады. Педагогикалық ұжым мүшелері толық қамтылып, оқушылармен жұмыстар жүйелі түрде жүргізілді. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының негізінде төмендегілер анықталды.

Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру, яғни 1-11 сыныптардың өзін-өзі бағалауы бойынша 2022- 2023-2024-2025 оқу жылдары алынды.

Өлшемшартта көрсетілген 2,4,6,7,8,9,10,12,13 қосымшалары және 2 параграфтың 19 тарауының 1,2,3,4,5,6,7,8,9,10 бөлімі бойынша төмендегідей талдау жасалды.

1. Білім беру ұйымының жалпы сипаттамасы анықталып, жазылды.
2. Кадрлық құрамға талдау жасалынып, тиісті бейін бойынша педагогикалық білімі бар педагогтар туралы мәліметтер және педагогтардың қайта даярлау курстарынан өткені туралы мәліметтер толық жазылды.
- 2.2. Қосымша жұмыс істейтін педагогтар және олардың оқу жүктемелері туралы мәліметтер жазылды.
- 2.3. Білім беру ұйымының басшыларының аттестатаудан өткендігі туралы мәліметтер жазылды.

3. Оқыту нәтижелерінде бағдарлана отырып бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жаңартылған мазмұнына қойылатын талаптар:

3.1. Мектептің жылдық жұмыс жоспары МЖМБС талаптарында айқындалған жалпы орта білім берудің базалық құндылықтарына, мақсаттары мен міндеттеріне сәйкес жасалған.

«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығы (өзгерістермен 2024 жылғы 8 ақпандағы № 27 бұйрығы)

«Жалпы білім беру ұйымдарына арналған жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары мен факультативтер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бекіту

туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 16.09.2022ж. №399 бұйрығы (21.11.2022 ж. № 467, 05.07.2023 ж. № 199 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік ережелерін бекіту туралы» ҚР БҒМ 18.03.2008 ж. № 125 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрінің 13.04.2023 ж. №96 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен)

«Орта білім беру ұйымдарына арналған оқулықтардың, мектепке дейінгі ұйымдарға, орта білім беру ұйымдарына арналған оқу-әдістемелік кешендердің, оның ішінде электрондық нысандағы тізбесін бекіту туралы» (ҚР БҒМ 22.05 2020 ж № 216 бұйрығы (ҚР Оқу-ағарту министрі м.а. 22.05.2023 ж. №140 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен, жаңа редакцияда - ҚР Оқу-ағарту министрінің 03.07.2023 ж. № 194 бұйрығымен)

4. Білім алушылардың таным мәселелерін шешуге және субъективті жаңа білімді меңгеруге, ұлттық дәстүрлерді, мәдениетті зерделеуге және жалпы адамзаттық құндылықтарды дарытуға бағытталған тәрбие жұмыстары талапқа сай құрылған. **Кемшілікті жою жолы:** Ағымдағы оқу жылында «Жас ұлан», «Жас қыран» ұйым мүшелерінің белсенділігін арттыру бойынша нақты қадамдық жоспарлар құрып, мектептің ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу бағыты бойынша ұйымдастырылған іс-шараларға қатысуын шыңдау іске асырылады. Сонымен қатар, аталған ұйымдар қатарына қосылатын білім алушыларды іріктеу қатаң бағалауға алынады. Мектеп парламенті жобасы, өзін-өзі басқару, дебат жобасын іске асыру жұмыстары жолға қойылады.

4.1. Білім алушылардың рухани-адамгершілік, азаматтық-патриоттық, көркемдік-эстетикалық, еңбек және дене тәрбиесін іске асыруды қамтамасыз ететін жиынтығында білім алушылардың сабақтан тыс уақыттарын тиімді ұйымдастыруға жағдай жасалынған. Мектепке спорттық, көркем-эстетикалық және пәндік бағыттағы үйірмелерге оқушылар қамтылған. Жалпы мектеп бойынша оқушылар мектепшілік спорттық, көркем-эстетикалық, танымдық үйірмелерге қамтылған.

4.2. Оқыту процесінде ерекше білім беру қажеттілігі бар білім алушылардың жеке мүмкіндіктері ескеріле отырып ұйымдастырылған. Білім алушылардың денсаулығына байланысты дәрігерлік консультациялардың қортындылары негізінде жұмыстық оқу жоспарлары талапқа сай жасалынған.

4.3. Вариативтік компоненттің факультативтері мен таңдау курстары ЖББ ҮОЖ сәйкес жүзеге асырылған. Білім алушылар зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарда түрлі нәтижелерге жетті. Пән мұғалімдері мен білім алушылардың жетістіктер жинағының көшірмелері жинақталды.

4.4. «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» міндетті оқу курсы арнайы педагогикалық кеңесте қаралып, мектептің оқу-тәрбие жоспарына сәйкес өткізіліп отыр. 1-4 –

сыныптарда «Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсы міндетті меңгеру қамтамасыз етілген.

4.5. Оқушылардың өмір қауіпсіздіктерін қамтамасыз ету және келеңсіз оқиғалардың алдын алу мақсатында «Жолда жүру ережелері» міндетті оқу курсы жоспарлы түрде өткізілуде. 1-4- сыныптарда «Жолда жүру ережелері» оқу курсының мазмұнын әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен және сабақтан тыс уақытта сынып жетекшілері жылдық жұмыс жоспарында тақырыптары мен мерзімін көрсету отырып іске асырылады. 5-8-сыныптарда «Жол қозғалысы ережелері» оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда және сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде жүргізіледі, сынып журналының күнтізбелік жоспарлау бөлімінде сабақтың тақырыбы мен сабақтың өткізілген күні көрсетіліп жазылған.

4.6. «Білім беру қызметіне қойылатын біліктілік талаптарын және оларға сәйкестікті растайтын құжаттардың тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 17 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген талаптар (көшірмелері жинақталды) сақталған:

- жоғары және бірінші санаттағы педагогтердің, педагог-сарапшылардың, педагог-зерттеушілердің үлесі сәйкес;

- медициналық қызмет көрсету үшін денсаулық сақтау ұйымының лицензиясы мен лицензияға қосымша бар және білім алушыларға медициналық қызмет көрсетуде;

- білім алушыларға арналған тамақтандыру объектісі 38 орындық ыңғайластырылған асхана бар, ағымдағы жылда ыстық тамақпен негізінен аз қамтылған отбасынан шыққан оқушылар мен 1-4 бастауыш сыныптардан оқушы қамтамасыз етілуі тиіс, бірақ біздің ауылымызда аз қамтылған отбасыдан шыққан оқушы жоқ, сол себепті ыстық тамақпен 1-4 бастауыш сыныптардан 34 оқушы қамтамасыз етілген;

- мектептің спортзалы, мәжіліс залы, шеберханалар (ұлдарға, қыздарға арналған) бойынша қосымша құрлыспен қамту бойынша аудандық білім бөліміне сұраныс хаттар берілді. Ағымдағы жылы шешімін табу қарастырылуда;

- оқу және көркем әдебиеттің кітапханалық қоры Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы №70 бұйрықпен бекітілген нормаларға сәйкес; Оқушылар оқулықпен 100% қамтылған.

- компьютерлік сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 2 наурызындағы №79 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарындағы пайдаланылатын бағдарламалық-аппараттық кешенге, қолданбалы бағдарламалық қамтамасыз етуге қойылатын талаптарға сәйкес және интернет желісіне қосылған; Барлық оқушыларға компьютер жеткілікті.

- пәндік кабинеттер бар, физика, биология пәндерінің зерханалық жабдықтары кабинет аумағында шкафта, лабораторияда сақтаулы, химия кабинеті жабдықталмаған. Спортзал ыңғайластырған ғимаратта орналасқан. Спорттық құралдармен жабдықталған;

-edu.kz аймағында үшінші деңгейдегі домендік атауы бар;
- мектепте Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және Ұлттық экономика министрліктерінің кейбір мәселелері туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2017 жылғы 17 ақпандағы № 71 қаулысына сәйкес санитарлық тораптары (унитаздар-22, қол жуғыштар-25) барлық қабаттарда, спортзалда орнатылған;

- Мектепке дейінгі және орта білім беру ұйымдарын бейнебақылау жүйелерімен жарактауға стандарттарды және оларға қойылатын талаптарды бекіту туралы Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2019 жылғы 23 қаңтардағы № 49 және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 23 қаңтардағы №32 бірлескен бұйрығына сәйкес мектеп ішінде 8 мектеп ауласында 18 бейнебақылау жүйесі талапқа сай орнатылған;

- білім беру мониторингі шеңберінде әкімшілік деректер нысандарына сәйкес контингент туралы өзекті дерекқорлары бар білім беруді басқарудың ақпараттық жүйесінде және нақты деректердің Ұлттық білім беру дерекқорына сәйкес енгізілген;

- Материалдық техникалық базаның жабдықталуы толық 75 пайыз жабдықталған.

- 2024 жылғы 27 тамыздағы № 75 бұйрығымен бекітілген білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарының 2-13 қосымшалар толық толтырылды. Жас мамандарды қоспағанда барлық мұғалімдер біліктілігін арттыру курсынан өткен.

Кемшілікті жою жолы: Бұл кемшіліктер бойынша педагогтерге ескертулер беріліп, кемшіліктерді жоюға нақты тапсырмалар берілді.

Оқу мерзіміне қойылатын талаптар:


- Тиісті деңгейдегі жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын игеру мерзімдеріне қойылатын талаптары сақталған.

- Сыныптар бойынша оқу жылының ұзақтығына және оқу жылындағы каникул уақытының ұзақтығына қойылатын талаптары сақталған.







Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің 2024 жылғы 27 тамыздағы № 75 бұйрығымен «Өзін-өзі бағалау» бойынша құрылған комиссия мүшелері білім беру ұйымдарының бағалау өлшем шарттарын және тексеру критерийлерін жұмыс барысында басшылыққа алып, өзін-өзі бағалау қортындысына «жақсы» деген бағамен бағалады.

Қамқоршылық кеңес шешімі:

Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебінің бағалау өлшемшарттары бойынша жасалған өзін-өзі бағалау нәтижелері «Жақсы» деп бағалансын.

Қамқоршылық кеңес төрағасы:  К.С. Муканов

Қамқоршылық кеңес мүшелері:

 Г.Т.Алимжанова
 Р.Ж.Сактаганова
 Н.А.Матаева
 Е.Шалов
 К.Х.Махметова
 Ж.Сәкен